

**Алтынсарин ауданындағы Щербаков минералды жерасты сулары көздерінің № 70, № 74, № 75, № 105 су тарту ұңғымаларының санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 19 мамырдағы № 214 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 19 маусымда № 4856 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Қаулының кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Қосымшаға сәйкес Алтынсарин ауданындағы Щербаков минералды жерасты сулары көздерінің № 70, № 74, № 75, № 105 су тарту ұңғымаларының санитарлық қорғау аймақтары белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Н. Садуақасов*

**КЕЛІСІЛДІ**

"Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны және су ресурстары министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Тобыл-Торғай бассейндік инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Г. Оспанбекова

"Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігінің Қостанай

облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау  
департаменті" республикалық мемлекеттік  
мекемесі басшысының міндетін атқарушы  
\_\_\_\_\_ С. Байменова

Әкімдіктің  
2014 жылғы 19 мамырдағы  
№ 214 қаулысына қосымша

**Алтынсарин ауданындағы Щербаков минералды жерасты сулары көздерінің № 70, № 74, № 75, № 105 су тарту ұңғымаларының санитарлық қорғау аймақтары**

Су тарту көзінің атауы	Санитарлық қорғау аймақтарының мөлшерлері					
	I - белдеу		II - белдеу		III - белдеу	
	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы
№ 70, № 105 ұңғымалар	Ұзындығы – 70 метр Ені - 60 метр	1,14 гектар	Ұзындығы – 87 метр Ені – 77 метр	0,71 гектар	Радиусі – 473 метр	68,35 гектар
№ 74, № 75 ұңғымалар	Ұзындығы – 60 метр Ені - 60 метр		Ұзындығы – 77 метр Ені – 77 метр			

Ескерту: санитарлық қорғау аймақтарының шекаралары "Алтынсарин ауданындағы Щербаков минералды жерасты сулары көздерінің № 70, № 74, № 75, № 105 су тарту ұңғымаларының санитарлық қорғау аймақтары" жобасының картографиялық материалында көрсетілген Тапсырыс берушілер - "Санаторий " Сосновый Бор" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және "Одак" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі).